

**«AQNIET» Қазақстандық денсаулық сақтау және қоғамдық қызмет көрсету
қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің
Бақылау-тексеру комиссиясы туралы
Е Р Е Ж Е С І**

1. Жалпы ережелер

1.1. «AQNIET» Қазақстандық денсаулық сақтау және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің (бұдан әрі - Кәсіподақ) Бақылау-тексеру комиссиясы өз жұмысын Кәсіподақ Жарғысына, осы Ережеге және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес алқалылық пен жариялылық қағидаттары негізінде әрекет етеді.

1.2. Кәсіподақтың Бақылау-тексеру комиссиясын съезд Кәсіподақтың Орталық кеңесінің өкілеттік мерзіміне қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізу дағдылары мен жеткілікті біліктілігі бар Кәсіподақ мүшелері арасынан сайлайды. Комиссия өз қызметінде дербес және Кәсіподақ съезіне есеп береді.

1.3. Бақылау-тексеру комиссиясы мүшелерінің санын съезд анықтайды.

1.4. Кәсіподақ Орталық кеңесінің мүшелері мен орталық аппараттың штаттық қызметкерлері Комиссияға мүше бола алмайды және сайлана алмайды.

2. Жұмыстың мазмұны

2.1. Бақылау-тексеру комиссиясы Кәсіподақтың барлық деңгейдегі сайланбалы органдарының жұмысын тексереді.

2.2. Бақылау-тексеру комиссиясының бақылауында:

- Кәсіподақ Жарғысы, съезд, конференция, жиналыс және тұрақты жұмыс істейтін Кәсіподақ органдарының шешімдерінің орындалуы;

- мүшелік Кәсіподақ жарналарын есептеудің дұрыстығы, толық жиналуы және олардың жоғары тұрған Кәсіподақ органдарына уақтылы аударылуы;

- банк мекемелерінде бос қаржы қаражатын орналастырудан, Кәсіподаққа тиесілі акциялар мен басқа да бағалы қағаздар бойынша, шаруашылық қызметтен және басқа да түсімдерден түсетін кірістердің түсуі;

- Кәсіподақ мүлкінің, ақшалай қаражаттың және материалдық құндылықтардың сақталуы, шығыстардың заңдылығы мен орындылығы, құрылатын қорларды ұтымды пайдалануы;

- Кәсіподақ бюджеті мен сметасының орындалуы;

- қаржылық және статистикалық есептіліктің дұрыстығы;

- іс жүргізу, кәсіподақ органдарында құжаттардың өту тәртібінің сақталуы, кәсіподақ мүшелерінің арыздары, шағымдары мен ұсыныстарының қаралуы.

2.3. Бақылау-тексеру комиссиясының атына келіп түскен Кәсіподақ мүшелерінің хаттарын, өтініштері мен шағымдарын, бастауыш және аумақтық кәсіподақ ұйымдарының ұсыныстарын қарайды және олар бойынша тиісті шешімдер қабылдайды.

2.4. Кәсіподақтың Бақылау-тексеру комиссиясы Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің тексеру комиссияларына әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді, тексерулер жүргізу бойынша ұсынымдар, түсіндірмелер әзірлейді.

3. Құқықтары мен міндеттері

3.1. Бақылау-тексеру комиссиясының мүшелері съезд жұмысына қатысады, Кәсіподақ Орталық кеңестің отырыстарына кеңесші дауыс құқығымен қатыса алады.

3.2. Бақылау-тексеру комиссиясының құқықтары:

3.2.1. Тексерілетін Кәсіподақ органынан тексеру жүргізу үшін барлық қажетті шынайы бухгалтерлік және басқа құжаттарды алуға, тексеру барысында туындайтын мәселелер бойынша анықтамалар мен түсініктемелер сұратуға.

3.2.2. Ақшалай қаражаттың, материалдық құндылықтардың нақты болуын және олардың сақталуын қамтамасыз етуді тексеру.

3.2.3. Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне тексеру жүргізу үшін тиісті Кәсіподақ ұйымдарының тексеру комиссияларының мүшелерін, ал қажет болған жағдайда – Кәсіподақ Орталық Кеңес қаражаты есебінен ақылы түрде білікті кеңесшілер, сарапшылар тарту.

3.2.4. Кәсіподақ мүшелері мен тиісті сайланбалы органдарды тексерулер мен тексеру нәтижелері туралы хабардар ету, Кәсіподақ жарғысына және қолданыстағы заңнамаға сәйкес кінәлілерді жауапқа тарту туралы мәселе қою.

3.3. Бақылау-тексеру комиссиясының міндеттері:

3.3.1. Сайланбалы кәсіподақ органдарының жарғылық және қаржы-шаруашылық қызметіне үнемі тексерулер жүргізу.

3.3.2. Анықталған кемшіліктердің жойылуын бақылау.

4. Жұмыс тәртібі

4.1. Комиссия өзі бекіткен жоспар бойынша жұмыс істейді.

Кәсіподақ Орталық кеңесінің қаржы-шаруашылық және жарғылық қызметін тексеру кем дегенде жылына бір рет, құрылымдық бөлімдерінде - жұмыс жоспарына сәйкес немесе қажеттілігіне қарай өткізіледі.

4.2. Жұмыс жоспары, тексеру өткізу тәртібі және оның нәтижелері, тәртіп бұзушылықты жою шаралары туралы мәселелер комиссия мәжілістерінде қаралады.

4.3. Комиссия мәжілістері қажетіне қарай, бірақ кем дегенде жылына бір рет

өткізіледі. Мүшелердің жартысынан астамы қатысқан жағдайда комиссия мәжіліс өткізуге құқылы болып саналады. Шешім, қатысып отырған комиссия мүшелерінің жартысынан астамы дауыс берсе, қабылданды деп саналады.

4.4. Комиссия мәжілісі хаттамамен рәсімделіп, тексеру материалдары тексеруші және кәсіподақ органдарының басшылары қол қойған актімен реттеледі. Бақылау және тексеру құжаттары Кәсіподақтың жоғарғы органына жіберіледі.

4.5. Тексерілуші орган бір ай ішінде тексеру материалдары мен нәтижелерін қарастырып, орын алған кемшіліктерді жою шараларын іске асырып, олардың орындалуы туралы тексерген комиссияға мәлімет береді. Орын алған кемшіліктерді жою туралы талаптары орындалмаса, тексеруші комиссия Кәсіподақтың жоғарғы органына мәлімдеме толтырып, Кәсіподақ Жарғысы мен заң талаптарын бұзғаны үшін кінәлілерді жауапкершілікке тартылуын қадағалайды.

4.5.1. Бақылау-тексеру комиссиясын қаржыландыру Кәсіподақтың Орталық кеңес есебінен іске асырылады.

Утверждено
на XV съезде ОО «Казахстанский отраслевой
профессиональный союз работников
здравоохранения «AQNIET»
от «20» сентября 2024 года

**Положение
о Контрольно-ревизионной комиссии
общественного объединения «Казахстанский отраслевой профессиональный
союз работников здравоохранения и общественного обслуживания «AQNIET»**

1. Общие положения

1.1. Контрольно-ревизионная комиссия общественного объединения «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников здравоохранения и общественного обслуживания «AQNIET» (далее - Профсоюз) действует в соответствии с Уставом Профсоюза, настоящим Положением и действующим законодательством Республики Казахстан на основе принципов коллегиальности и гласности.

1.2. Контрольно-ревизионная комиссия Профсоюза избирается съездом на срок полномочий Центрального Совета Профсоюза из числа членов Профсоюза, обладающих достаточной квалификацией и навыками проведения ревизий и проверок финансово-хозяйственной деятельности. Комиссия самостоятельна в своей деятельности и подотчетна съезду Профсоюза.

1.3. Количественный состав Контрольно-ревизионной комиссии определяет Съезд.

1.4. Членами комиссии не могут быть члены Центрального Совета Профсоюза и штатные работники его аппарата.

2. Содержание работы

2.1. Контрольно-ревизионная комиссия осуществляет ревизии и проверки деятельности выборных органов Профсоюза всех уровней.

2.2. Контрольно-ревизионная комиссия осуществляет контроль за:

- соблюдением Устава Профсоюза, решений съездов, конференций, собраний и постоянно действующих руководящих профсоюзных органов;
- правильностью исчисления, полнотой сбора членских профсоюзных взносов и своевременностью перечисления их вышестоящим профсоюзным органам;
- поступлением доходов от размещения свободных финансовых средств в учреждениях банков, по акциям и другим ценным бумагам, принадлежащим Профсоюзу, от хозяйственной деятельности и других поступлений;
- сохранностью профсоюзного имущества, денежных средств и материальных ценностей, законностью и целесообразностью произведенных расходов,

рациональным использованием образуемых фондов;

- исполнением профсоюзного бюджета и смет;
- достоверностью финансовой и статистической отчетности;
- ведением делопроизводства, соблюдением порядка прохождения дел в

профсоюзных органах и рассмотрения в них писем, жалоб, предложений членов Профсоюза.

2.3. Контрольно-ревизионная комиссия рассматривает поступившие в ее адрес письма, заявления и жалобы членов Профсоюза, предложения первичных и территориальных профсоюзных организаций и принимает по ним соответствующие решения.

2.4. Контрольно-ревизионная комиссия Профсоюза оказывает методическую и практическую помощь ревизионным комиссиям структурных подразделений Профсоюза, разрабатывает рекомендации, разъяснения по вопросам проведения проверок и ревизий.

3. Права и обязанности

3.1. Члены Контрольно-ревизионной комиссии принимают участие в работе съезда, могут участвовать в заседаниях Центрального совета Профсоюза с правом совещательного голоса.

3.2. Контрольно-ревизионная комиссия имеет право:

3.2.1. Получать от ревизуемого профсоюзного органа все необходимые для проведения ревизии подлинные бухгалтерские и другие документы, запрашивать справки и объяснения по вопросам, возникающим в ходе проверок.

3.2.2. Проверять фактическое наличие денежных средств, материальных ценностей и обеспечение их сохранности.

3.2.3. Привлекать для проведения ревизий и проверок деятельности структурных подразделений Профсоюза членов ревизионных комиссий соответствующих профсоюзных организаций, а в случае необходимости – квалифицированных консультантов, экспертов с оплатой их труда за счет средств Центрального совета Профсоюза.

3.2.4. Информировать членов Профсоюза и соответствующие выборные органы о результатах проверок и ревизий, ставить вопрос о привлечении виновных лиц к ответственности в соответствии с Уставом Профсоюза и действующим законодательством.

3.3. Контрольно-ревизионная комиссия обязана:

3.3.1. Регулярно проводить ревизии и проверки уставной и финансово-хозяйственной деятельности выборных профсоюзных органов.

3.3.2. Осуществлять последующий контроль за устранением выявленных недостатков.

4. Порядок работы

4.1. Комиссия работает в соответствии с утвержденным ею планом. Ревизии и проверки финансово-хозяйственной и уставной деятельности Центрального Совета Профсоюза проводятся не реже одного раза в год, структурным подразделением Профсоюза – в соответствии с планом работы или по необходимости.

4.2. План работы, порядок проведения ревизий и их результаты, ход выполнения мероприятий по устранению выявленных недостатков и нарушений рассматриваются на заседаниях комиссии.

4.3. Заседания комиссии проводятся по мере необходимости, но не реже одного раза в год. Заседание считается правомочным, если в его работе принимает участие более половины членов комиссии. Решение считается принятым, если за него проголосовало более половины членов комиссии, участвовавших в заседании.

4.4. Заседание комиссии оформляется протоколом, а материалы ревизии - актом, подписываемым проверявшими и руководителем ревизуемого профсоюзного органа. Материалы проверки и ревизии направляются в вышестоящий профсоюзный орган.

4.5. Ревизуемый профсоюзный орган обязан в месячный срок рассмотреть материалы ревизии, проверки и принять меры к устранению выявленных недостатков, о принятых мерах информировать комиссию. В случае невыполнения требований комиссии по устранению выявленных недостатков и нарушений в указанные сроки, комиссия информирует об этом вышестоящий профсоюзный орган для решения вопроса о привлечении виновных лиц к ответственности в соответствии с Уставом Профсоюза и действующим законодательством.

4.6. Финансирование деятельности Контрольно-ревизионной комиссии осуществляется за счет средств Центрального Совета Профсоюза.